

2012 жылы Мойынқұм ауданының аумағында тұратын 1995 жылы туылған еркек жынысты азаматтарды шақыру учаскесінде тіркеуді жүргізуді ұйымдастыру туралы

Күшін жойған

Жамбыл облысы Мойынқұм ауданы әкімінің 2012 жылғы 23 қаңтардағы N 1 шешімі. Жамбыл облысы Мойынқұм ауданының Әділет басқармасында 2012 жылғы 24 ақпанда 6-7-77 нөмірімен тіркелді. Күші жойылды - Жамбыл облысы Мойынқұм ауданы әкімінің 2015 жылғы 19 қарашадағы №5 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Жамбыл облысы Мойынқұм ауданы әкімінің 19.11.2015 №5 шешімімен.

РҚАО ескертпесі.

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 33-бабы 1 тармағының 13) тармақшасы негізінде, "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңының 17-бабы 3 тармағына, "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңының 36-бабына және "Қазақстан Республикасында әскери міндеттілер мен әскерге шақырушыларды әскери есепке алуды жүргізу тәртібі туралы Ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 5 мамырдағы № 371 Қаулысына сәйкес **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. "Жамбыл облысы Мойынқұм ауданының Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығы Ғ.Даминовқа (келісім бойынша) шақыру учаскесінде 2012 жылдың қаңтар-наурыз айларында Мойынқұм ауданының аумағында тұратын 1995 жылы туылған еркек жынысты азаматтарды әскери есепке қою үшін тіркеу жүргізу ұсынылсын.

2. Ауылдық, кенттік округ әкімдері "Жамбыл облысы Мойынқұм ауданының Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесіне тіркеуге шақырылғаны туралы хабардар етіп, тіркеу жүргізу учаскесіне 1995 жылғы жасөспірімдерді тіркеуге келуін қамтамасыз етсін.

3. "Мойынқұм ауданы әкімдігінің білім беру, дене шынықтыру және спорт бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі "Жамбыл облысы Мойынқұм ауданының Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесімен келісілген кесте бойынша ауданның білім беру мекемелерінде оқитын 1995

жылы туылған еркек жынысты азаматтарды шақыру учаскесіне уақытылы және ұйымшылдықпен жіберуді қамтамасыз етсін.

4. "Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы Мойынқұм орталық аудандық ауруханасы" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының бас дәрігері Г.Кемелқұловаға (келісім бойынша) шақыру учаскелеріне тіркелу кезінде әскери қызметке жарамдылық деңгейін анықтау үшін "Әскери-дәрігерлік сараптаманы жүргізу қағидасын және Әскери-дәрігерлік сараптама органдары туралы ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 30 қаңтардағы № 44 Қаулысында айқындалған тәртіппен азаматтарды медициналық куәландырудан өткізу ұсынылсын.

5. "Жамбыл облысының Ішкі істер Департаменті Мойынқұм ауданының ішкі істер бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығы Ж.Орынбековке (келісім бойынша) әскери міндеттерін орындаудан жалтарған адамдарды іздестіруді және ұстауды өз құзыреті шегінде жүзеге асыру ұсынылсын.

6. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Б.Есеевке жүктелсін.

7. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

С. Арубаев

"КЕЛІСІЛДІ"

"Жамбыл облысының Ішкі істер
Департаменті Мойынқұм ауданының ішкі
істер бөлімі" мемлекеттік мекемесінің
бастығы

Ж. Орынбеков

3 ақпан 2012 жыл

"Жамбыл облысы Мойынқұм ауданының
Қорғанис істері жөніндегі бөлімі"
мемлекеттік мекемесінің

бастығы

Ғ. Даминов

3 ақпан 2012 жыл

"Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық
сақтау басқармасы Мойынқұм орталық
аудандық ауруханасы" коммуналдық
мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының
бас дәрігері

Г. Кемелқұлова
3 ақпан 2012 жыл

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ